

Дефолт фактілеріне жол бермеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 4 наурыздағы N 58

Қазақстан Республикасының шетел несиешілерінің алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шетел банктерінің ұсынған шоттары негізінде алдағы төлемдерді дәрменсіз займшылар үшін қосымшаға сәйкес 1 276 352 (бір миллион екі жүз жетпіс тоғыз мың үш жүз елу екі) АҚШ доллары жалпы сомасында, сондай-ақ есептелген айыппұлдар сомасын 1997 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде дер уақытында төлесін.

2. "ТуранӘлемБанк" жабық акционерлік қоғамы алынған қаражатты

республикалық бюджетке қайтаруды қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қолдансын.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1997 жылғы 4 наурыздағы
N 58 өкіміне қосымша

Шетел несиелерін өтеу жөніндегі мерзімі
өткен төлемдердің
СОМАСЫ

АҚШ долларында

Займшы-ұйым	Төлем сомасы	Оның ішінде		
		негізгі борыш	проценттер	басқалары
EDC несие				

желісі				
(Канада)				
"Аквест" БК	1 009 928, 69	757 351,86	252 576,83	-
"Армавир"	269 423, 39	217 686,55	51 736,84	-
совхозы				
Барлығы	1 279 352, 08	975 038,41	304 313,67	-